

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2021 жылдың 10 наурызындағы
№ 14 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2021 жылдың 11 наурызынан бастап
қолданысқа енгізілді

Рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) "Листингтік қағидалар" (бұдан әрі – Листингтік ережелер) ішкі құжатына және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының эмитенттер мен олардың бағалы қағаздары туралы ақпаратты олардың ресми тізімде болған кезеңінде ашу шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Листингтік ережелерде белгіленген ұғымдар мен шартты белгілерге ұқсас.
2. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен шартты белгілер мыналарды білдіреді:
 - 1) **АҚ туралы заң** – "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңы;
 - 2) **Құзіретті тұлға** – тау-кен немесе мұнай-газ өнеркәсібі саласында кәсіби білімі бар және осы Ережелердің 7 қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, тұлға;
 - 3) **корпоративтік уақиға** – эмитенттің қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін және эмитенттің мүдделерін қозғайтын, БҚН туралы заңның 102 бабының 5 тармағында анықталған, уақиға;
 - 4) **тәуелсіз Құзіретті тұлға** – жер қойнауын пайдаланушы кен орнында (кен орындарында) жүзеге асырған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы, сондай-ақ осы кен орнындағы (осы кен орындарында) минералдардың немесе мұнай мен газдың ресурстары мен қорлары туралы инвесторларды, оның ішінде әлеуетті инвесторларды және олардың кеңесшілерін хабардар ету мақсаттары үшін жария есеп дайындаған және, осы жер қойнауын пайдаланушының қызметкері, үлестес тұлғасы немесе онымен байланысты тарапы болып табылмайтын, құзыретті тұлға;
 - 5) **іс-шаралар жоспары** – эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан басқа, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесі) бекіткен оның борыштық бағалы қағаздарын буферлік санатқа ауыстыру үшін негіздерді жою жөніндегі эмитенттің іс-шаралар жоспары;
 - 6) **мерзімдік есеп берушілік** – осы Ережелерде оларға қатысты осындай ашудың белгілі бір кезеңділікпен қайталанатын мерзімдерімен Биржаға ашу бойынша рұқсаттама бастамашысына қойылатын талаптар белгіленген, құжаттар (есеп берушілік);
 - 7) **ағымдағы қызмет туралы құжаттар (ақпарат)** – осы Ережелермен оларға (оларға) қатысты белгілі бір кезеңділіксіз қандай да бір уақиғалардың басталуына қарай Биржаға ашу бойынша рұқсаттама бастамашысына қойылатын талаптар белгіленген, құжаттар (ақпарат);
 - 8) **Құзіретті тұлғаның көпшілікке есебі** – жер қойнауын пайдаланушы кен орнында (кен орындарында) жүзеге асырған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы, сондай-ақ осы кен орнындағы (осы кен орындарында) минералдардың немесе мұнай мен газдың ресурстары мен қорлары туралы инвесторларды, оның ішінде әлеуетті инвесторларды және олардың кеңесшілерін хабардар ету мақсаттары үшін құзыретті тұлға дайындаған, есеп (оларды пайдалана отырып, осындай есеп берушілік дайындалған геологиялық есеп берушілік стандарттарына сәйкес осындай есептің нақты атауына қарамастан);

;

- 9) **тіркеуші** – (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген бағалы қағаздарға қатысты) осы ұғым БҚН туралы заңда анықталғандай;
(шетелдік заңнамаға сәйкес тіркелген бағалы қағаздарға қатысты) тіркеушіге ұқсас немесе өзінің өкілеттіктері, функциялары және жауапкершілігі бойынша ұқсас, мамандандырылған ұйым;
- 10) **мұнай және газ бойынша геологиялық есеп берушілік стандарттары** – Society of Petroleum Engineers; SAMOG (The South African Code for the Reporting of Oil and Gas Resources), The South African Mineral Resources Committee әзірлеген SPE-PRMS (Petroleum Resources Management System) стандарттары; Canadian Securities Administrator әзірлеген NI51-101 (National Instrument 51-101) стандарты;
- 11) **CRIRSCO көпшілікке есеп беру стандарттары** – Committee for Mineral Reserves International Reporting Standards (CRIRSCO) мүшелері болып табылатын ұйымдар әзірлеген минералдық резервтер жөніндегі халықаралық стандарттар, соның ішінде Canadian Mining Institute, Metallurgy and Petroleum (CIM), the South African Mineral Resources Committee (SAMREC), The Joint Ore Reserves Committee (JORC), Competency Assessment Committee in Mining Resources and Reserves Committee (Comisionminera), Pan-European Reserves and Resources Reporting Committee (PERC), Society for Mining, Metallurgy and Exploration (SME), The Mongolian Professional Institute of Geosciences and Mining (MPIGM), "Жер қойнауын сараптау жөніндегі ұлттық қауымдастық" (NAEN) жер қойнауын пайдалану саласындағы ұйымдар қауымдастығы, "Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлар туралы көпшілікке есеп берушілігінің Қазақстандық Қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі (KAZRC);
- 12) **елеулі ақпарат** – осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын бағалы қағаздар эмитенті қызметіндегі өзгертулер туралы ақпарат (мұндай өзгертулер БҚН туралы заңда анықталғандай), сондай-ақ осы эмитенттің осы бағалы қағаздар бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін және/немесе осы бағалы қағаздардың құнына әсер етуі мүмкін кез келген өзге ақпарат;
- 13) **Орталық депозитарий** – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ (Алматы қ., Қазақстан Республикасы).

2 бап.

Жалпы шарттар

1. Эмитенттің бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінде болған кезеңде (мемлекеттік бағалы қағаздарды, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздарды, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын немесе халықаралық қаржы ұйымының кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздарды, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында Биржа өткізетін сауда-саттықта (биржадағы айналысқа) айналысқа жіберілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды қоспағанда) оларды жіберу бастамашысына осы Ережелерде белгіленген құжаттарды (ақпаратты) ашу жөніндегі талаптар қолданылады.
2. Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысы эмитент және оның бағалы қағаздары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және Биржаның ақпаратты ашуды регламенттейтін өзге де ішкі құжаттарына сәйкес ашуды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Рұқсаттама бастамашысы Биржаға құжаттарды (ақпаратты) беру үшін осы баптың 4 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, is2in жүйесін пайдалануға міндетті.
4. Is2in жүйесі арқылы құжаттарды (ақпаратты) ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, рұқсаттама бастамашысы:
 - 1) мұндай мүмкін еместігі туралы оның себептерін көрсете отырып, Биржаны жазбаша хабардар етуге;
 - 2) осы Ережелерде белгіленген мерзімде Биржаға осы құжаттарды (ақпаратты) басқа да ықтимал тәсілдермен (электрондық пошта арқылы, қағаз тасымалдағышта қолма-қол) ұсынуға міндетті.
5. Рұқсаттама бастамашысы осы Ережелерге сәйкес ашылуға жататын құжаттарды (ақпаратты) уақтылы беру мүмкін болмаған (оның ішінде болжанатын) әрбір жағдай туралы осындай мүмкін болмау себептерін көрсете отырып, осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзімдерде Биржаға жазбаша хабарлауға міндетті.

Биржа Басқармасының шешімімен рұқсаттама бастамашысына Биржаға жіберілген тиісті өтініш негізінде мерзімді есеп берушілікті ұсыну мерзімі ұзартылуы мүмкін.
6. Биржаның рұқсаттама бастамашысынан өзі жүзеге асыратын қызмет шеңберінде эмитент және оның бағалы қағаздары туралы қосымша ақпарат сұратуға құқығы бар.

3 бап.

Ақпаратты ашудың шарттары

1. Биржа алдында ақпаратты ашу шеңберінде рұқсаттама бастамашылары өзге де ықтимал ақпараттан (құжаттардан) басқа, Биржаға құжаттар мен ақпаратты осы Ережелердің 1 қосымшасына сәйкес осы қосымшада белгіленген мерзімдерде және форматтарда ұсынуға міндетті.

Рұқсаттама бастамашысы Биржаға эмитенттің қызметіне, оның бағалы қағаздарының құнына әсер етуі мүмкін кез келген елеулі ақпаратты, сондай-ақ инвесторлардың мүдделерін елеулі қозғайтын басқа да уақиғалар туралы хабарлауға міндетті.
2. Рұқсаттама бастамашысының объективті себептер бойынша құжаттарды (ақпаратты) Биржаға осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзімдерде және форматтарда ұсынуға мүмкіндігі болмаса, ол Биржаға құжаттарды (ақпаратты) ұсынудың жеке мерзімдерін немесе форматтарын белгілеу туралы өтініш беруге құқылы.

Бұл өтініш еркін нысанда жасалады және онда құжаттарды (ақпаратты) осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзімдерде және форматтарда ұсынудың мүмкін еместігінің себептері, мұндай берудің қолайлы мерзімдері мен форматтары, сондай-ақ құжаттарды (ақпаратты) көрсетілген мерзімдерде және көрсетілген форматтарда беру міндеттемесі көрсетілуі тиіс.

Биржа Басқармасының шешімі бойынша осындай өтініш берген рұқсаттама бастамашысына осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзімдерден және/немесе форматтардан ерекшеленетін құжаттарды (ақпаратты) берудің жеке мерзімдері және/немесе форматтары белгіленуі мүмкін. Биржа Басқармасы мұндай шешімді белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз қабылдауы мүмкін. Бұл ретте рұқсаттама бастамашысы ұсынған өтініш, осы өтініште көрсетілген мерзімдерде және/немесе көрсетілген форматтарда, ақпарат беруге міндеттеме-хат ретінде қаралады.

3. Осы баптың талаптарына сәйкес ашылуға жататын ақпаратты рұқсаттама бастамашысы осы ақпаратты эмитент көпшілікке таратпас бұрын Биржаға беруі тиіс.

Рұқсаттама бастамашысы Биржаға осы Ережелердің 1 қосымшасының 1-3 кестелерінде көрсетілген ақпаратты, мұндай ақпараттың құпиялылығы, эмитент белгілеген, көрсетілген ақпаратты көпшілікке тарату мерзіміне дейін сақталмау қаупі бар болса, соның нәтижесінде бағалы қағаздар нарығының барлық қатысушыларының ақпарат алуына тең қол жеткізу қағидаты бұзылуы мүмкін ақпаратты дереу беруге міндетті.

4. Рұқсаттама бастамашылары осы бапқа және осы Ережелердің 1 қосымшасына сәйкес ашылуға жататын құжаттарды (ақпаратты) Биржаға is2in жүйесі арқылы кілттерін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жасаған электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттар түрінде осы қосымшада белгіленген форматтарда (осы тармақтың екінші абзацында, осы Ережелердің 2 бабының 4 тармағында және 3 бабының 6 тармағында белгіленгенді қоспағанда) ұсынады.

КЖ/ТҚҚ жаңартылған сауалнамасы қағаз тасымалдағышта түпнұсқа түрінде ұсынылады. Сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар, сондай-ақ сауалнамада бұрын көрсетілген мәліметтердің өзгергенін растайтын құжаттар (егер ондайлар бестен аз болса, олар КЖ/ТҚҚ жаңартылған сауалнамасын ұсынбай ұсынылады) түпнұсқа немесе қағаз тасымалдағыштардағы нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс, ал Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің аумағында жасалған құжаттар, сондай-ақ Биржада құжаттардың дұрыстығын өзге қолжетімді көздер арқылы тексеруге мүмкіндік болмаса, апостильденуі немесе заңдастырылуы тиіс.

5. Осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген корпоративтік уақиғалар жөніндегі ақпарат Биржаға қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру мақсатында эмитенттер үшін уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша берілуі тиіс.
6. Осы Ережелердің 1 қосымшасының 1 кестесінің 7 және 8 жолдарына сәйкес рұқсаттама бастамашыларының ашуына жататын ақпаратты (мәліметтерді) (ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді Орталық депозитарий жүзеге асыратын бағалы қағаздарға қатысты) Биржа мен Орталық депозитарий арасындағы ақпараттық арна арқылы алады.

Биржа мен Орталық депозитарий арасындағы ақпараттық арнаны пайдалану мүмкін болмаған жағдайда Биржа бұл туралы рұқсаттама бастамашыларын электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

Рұқсаттама бастамашысы осы Ережелердің 1 қосымшасының 1 кестесінің 7 және 8 жолдарына сәйкес ашылуға жататын ақпаратты (ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді Орталық депозитарий жүзеге асыратын бағалы қағаздарға қатысты) осы бапта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен Биржадан тиісті хабарлама алынған күннен кейінгі күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

Биржа мен Орталық депозитарийдің арасында ақпараттық арнаны пайдалану қалпына келтірілген кезде рұқсаттама бастамашыларына электрондық пошта арқылы тиісті хабарлама жіберіледі.

6. Биржаға бұрын берілген құжатты (ақпаратты) ауыстыру қажет болған жағдайда, рұқсаттама бастамашысы Биржаға ауыстыру үшін берілетін жаңа құжатқа (жаңа ақпаратқа) ауыстыруға әкеп соққан себептерді көрсете отырып, тиісті хабарламаны қоса беруі тиіс.

7. Осы Ережелерге сәйкес ақпаратты ашу шеңберінде Биржаға бұрын берілген құжатты кері қайтарып алу қажет болған жағдайда, рұқсаттама бастамашысы Биржаға кері қайтарып алуға әкеп соққан себептерді көрсете отырып, осындай кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама беруі тиіс.
8. Биржа осы Ережелерге сәйкес рұқсаттама бастамашысы Биржаға ұсынған құжаттарда және/немесе ақпаратта қате басуларды, қателерді, дәлсіздіктерді немесе осы Ережелердің талаптарына өзге де сәйкессіздіктерді анықтаған кезде, ол бұл туралы осы рұқсаттама бастамашысын электрондық пошта арқылы немесе is2in жүйесі арқылы хабардар етеді.

Биржа осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес Биржаның хабарламасын алған рұқсаттама бастамашысының оған тиісті түрде түзетілген құжаттарды және/немесе ақпаратты (осы тармақтың үшінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) беруге құқығы бар мерзімді шектемейді.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес хабарлама алған рұқсаттама бастамашысы Биржаы тиісті түрде түзетілген құжаттарды және/немесе ақпаратты көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап немесе осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынбаса немесе көрсетілген үш жұмыс күнінен кешіктіріп ұсынса, мұны Биржа осы Ережелердің 1 қосымшасында белгіленген мерзімді бұзу ретінде қарайды.

4 бап. Is2in жүйесін пайдалану шарттары

1. Бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде болған кезеңде оларға рұқсаттама бастамашысына is2in жүйесіне рұқсат беріледі.
2. Рұқсаттама бастамашысы is2in жүйесін тек құжаттарды (ақпаратты) ұсыну үшін пайдаланады.
3. Is2in жүйесіндегі сәйкестендіру және оны ақпаратты ашу процесінде пайдалану осы жүйенің параметрлеріне және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5 бап. Қаржылық есеп берушілікті және аудиторлық есептік ұсыну

1. Бағалы қағаздары Биржаның (оригинатордың, басқарушы компанияның, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін ұйымның) ресми тізімінде тұрған эмитенттің (оның ішінде базалық активтің эмитентінің) қаржылық есеп берушілігі жасалады:
 - 1) ҚЕХС және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасына сәйкес – эмитент (оригинатор, басқарушы компания, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін ұйым) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса;
 - 2) егер эмитент (оригинатор, басқарушы компания, ETF қаржылық көрсеткіштері көрсетілетін ұйым) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретінде тіркелген болса – АҚШ ҚЕХС немесе БЕЖҚ сәйкес.
2. Бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінде тұрған эмитенттің еншілес ұйымдары болса, Биржаға ұсынылатын қаржылық есеп берушілік немесе шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік мыналарды қамтуы тиіс:
 - 1) осы Ережелердің 2 қосымшасына сәйкес есептелген көрсетілген күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) теңгерімдік құны туралы деректерді қамтуы тиіс есептік кезеңнің соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп (осы акциялар Биржаның ресми тізімінде болған жағдайда);

- 2) есептік кезеңнің соңғы күніндегі бір жай акцияға базалық және ажыратылған пайда туралы деректерді қамтуы тиіс есептік кезеңдегі пайда мен шығындар және басқа жиынтық кіріс туралы есеп (осы акциялар Биржаның ресми тізімінде болған жағдайда);
 - 3) есептік кезеңдегі ақша қозғалысы туралы есеп;
 - 4) есептік кезеңдегі капиталдағы өзгертулер туралы есеп;
 - 5) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға түсіндірме жазба (ескертпелер).
3. Бағалы қағаздары Биржаның ресми тізімінде тұрған эмитенттің қаржылық есеп берушілігі қаржылық есеп берушілікті пайдаланушылардың кең ауқымына (шағын және орта бизнес үшін ҚЕХС) ашуға міндетті емес кәсіпорындар үшін ҚЕХС-қа сәйкес жасалмауы тиіс.
4. Биржаға берілетін қаржылық есеп берушілік немесе шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік мынадай кезеңдер үшін жасалады (осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):
- 1) аяқталған қаржылық жыл үшін (жылдық қаржылық есеп берушілік) – аяқталған қаржы жылының 01 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін;
 - 2) бірінші тоқсан үшін (3 айдағы аралық қаржылық есеп берушілік) – 01 қаңтар мен 31 наурыз аралығындағы кезең үшін;
 - 3) екінші тоқсан үшін (6 айдағы аралық қаржылық есеп берушілік) – 01 қаңтар мен 30 маусым аралығындағы кезең үшін;
 - 4) үшінші тоқсан үшін (9 айдағы аралық қаржылық есеп берушілік) – 01 қаңтар мен 30 қыркүйек аралығындағы кезең үшін.
5. Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына қарағанда өзге юрисдикцияның заңнамасына сәйкес тіркелген және заңды тұлғаларға қаржылық есеп берушілікті жасау үшін басқа кезеңдерді пайдалануға мүмкіндік беретін, заңды тұлға болып табылса, онда Биржаға ұсынылатын осындай эмитенттің қаржылық есеп берушілігі осындай кезеңдер үшін жасалуы мүмкін.
6. Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздар эмитентінің жылдық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйымдары болған жағдайда – шоғырландырылған жылдық қаржылық есеп берушілік) Биржаға осы қаржылық есеп берушілік бойынша аудиторлық ұйымның есебімен бірге берілуі тиіс. Қаржылық есеп берушілік аудитін осындай аудиторлық ұйымның аудиторлық ұйымның осы тізбеде болатын деңгейіне қарай (осы баптың 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) эмитенттің қаржылық есеп берушілігінің аудитін жүзеге асыру құқығын ескере отырып, Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесіндегі аудиторлық ұйымдардың бірі орындауы тиіс.
7. Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген эмитенттің қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есептік (эмитенттің аралық қаржылық есеп берушілігін шолу бойынша есеп) аудиторлық есептерді (шолу бойынша есептерді) Дүниежүзілік биржалар Федерациясының (World Federation of Exchanges) толық мүшесі болып табылатын ең болмағанда бір шетелдік қор биржасы немесе АҚШ бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясы (SEC) қабылдайтын аудиторлық ұйым дайындауы мүмкін.
- Бағалы қағаздар биржасының ресми тізімінде, сондай-ақ Astana International Exchange ресми тізімінде тұрған және жеңілдетілген листингілік процедураларды қолдана отырып енгізілген кезде Биржа аудиторлық есептерді (эмитенттің аралық қаржылық есеп берушілігіне шолу бойынша есептер) қабылдайтын аудиторлық ұйымның эмитенттің қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есептерді (шолу бойынша есептер) қабылдайды.

8. Биржаға аудиторлық есептерді және бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есеп берушілігін шолу бойынша есептерді ұсыну күніне аудиторлық ұйым Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесінде болмаса, бірақ бұл ретте осы есептерді шығару күніне осындай аудиторлық ұйым аталған тізбеде болса, Биржа осы Ережелерде белгіленген мақсаттарда өзі шығарған есептерді қабылдайды.

6 бап.

Биржаның сауда-саттық жүйесінде IPO өткізу кезінде ақпаратты ашу

1. Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өткізілетін мамандандырылған сауда-саттық немесе жазылым арқылы Биржаның ресми тізіміндегі акциялар бойынша IPO өткізу кезінде көрсетілген акцияларға рұқсаттама бастамашысы Биржаға мамандандырылған сауда-саттық немесе жазылым өткізу туралы өтініш берген күннен кешіктірмей Биржаға мынадай құжаттарды (осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктер ескере отырып) ұсынуға міндетті:
 - 1) Листингілік ережелердің 3 қосымшасына сәйкес дайындалған, осы акциялар бойынша инвестициялық меморандум. Осы акциялардың эмитенті Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, өзінің мазмұны мен мақсаты бойынша көрсетілген меморандумға ұқсас өзге құжатты (өзге құжаттың көшірмесін) ұсынуға жол беріледі;
 - 2) осы Ережелердің 5 бабының талаптары ескеріле отырып дайындалған жылдық қаржылық есеп берушілік бойынша аудиторлық есеп (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік); немесе аралық қаржылық есеп берушілік бойынша аудиторлық есеп (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған аралық қаржылық есеп берушілік) немесе осы Ережелердің 5 бабының талаптары ескеріле отырып дайындалған, көрсетілген қаржылық есеп берушілікке шолу бойынша аудиторлық ұйымның есебі;
 - 3) акциялары Биржаның ресми тізіміне "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Акциялар" секторына енгізілген жер қойнауын пайдаланушы акциялардың эмитенті болып табылса – тәуелсіз құзыретті тұлғаның көпшілікке есебі немесе дайындалған (аудит аяқталған) күннен бастап мамандандырылған сауда-саттықты немесе жазылымды өткізу туралы Биржаға өтініш берген күнге дейін қатарынан күнтізбелік он екі айдан аспайтын уақыт өткен Тәуелсіз құзыретті тұлға аудиттеген құзыретті тұлғаның көпшілікке есебінің көшірмесі. Бұл ретте Құзыретті тұлға, оның ішінде Тәуелсіз құзыретті тұлға осы Ережелердің 7 қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Осы көпшілікке берілетін есеп CRIRSCO көпшілікке есеп берушілік стандарттарына сәйкес немесе аталған стандарттардың қайсысы осы есептерде ақпарат ашылатын кен орнына (кен орындарына) қолданылатынына қарай мұнай және газ бойынша геологиялық есеп берушілік стандарттарына сәйкес дайындалуы тиіс.

Егер көрсетілген құжат қазақ немесе орыс тілдерінен басқа тілдерде жасалса, оған осы құжаттың қазақ және/немесе орыс тіліндегі (тілдердегі) аудармасы қоса берілуі тиіс.
2. Акциялар бойынша IPO өткізу кезінде осындай акциялардың рұқсаттама бастамашысына осы акциялар эмитентінің осы акциялары немесе қандай да бір басқа бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне осы акциялардың IPO шеңберінде мамандандырылған сауда-саттық немесе жазылым жүргізу туралы өтініш беру күніне дейін кемінде күнтізбелік 180 күн бұрын енгізілген және осы акциялардың немесе осы акциялар эмитентінің Биржадағы қандай да бір басқа бағалы қағаздарының листингі осы баптың

1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынуға қойылатын, Биржаға осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжатты бере отырып, Листингілік ережелерде белгіленген.

3. Акциялардың рұқсаттама бастамашысы IPO жүргізу алдында осы баптың 1 тармағы 2) тармақшасының бірінші немесе екінші абзацтарында көрсетілгендер арасынан Биржаға ұсынылатын есептік дербес айқындауға құқылы. Бұл ретте осындай есеп жасалған күн Биржа мамандандырылған сауда-саттық өткізу туралы өтінішті немесе осы акциялардың IPO шеңберінде жазылуды ұйымдастыру туралы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 180 күннен аспауы тиіс.
4. Осы баптың 1 тармағына сәйкес Биржаға ұсынылатын құжаттар биржаға осы Ережеде белгіленген ұсыну шарттарына сәйкес ұсынылады.
5. Акциялардың рұқсаттама бастамашысы осы баптың 1 тармағына сәйкес Биржаға құжаттарды ұсынбаса (осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктер мен ерекшеліктерді ескере отырып), Биржа Басқармасы осы акциялардың IPO шеңберінде мамандандырылған сауда-саттық немесе жазылым жүргізуден бас тартуға және/немесе Биржаның интернет-ресурсында осындай ұсынбау туралы ақпараттық хабарламаны жариялауға бастамашылық жасауға құқылы.

7 бап.

Ақпаратты ашудың қосымша шарттары

1. Эмитенттің акциялары "Акциялар" секторының "Премиум" санаты бойынша ресми тізімде болған жағдайда, осы Ережелердің талаптарына сәйкес ашылуға жататын ақпаратқа бір мезгілде осы ақпараттың ағылшын тіліне аудармасы (осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып және осы баптың 2 тармағында белгіленгендерді қоспағанда) қоса берілуі тиіс.

Көрсетілген ақпаратты ағылшын тіліне аударудың дұрыстығын нотариалды, немесе месе осы акциялардың эмитенті, немесе олардың рұқсаттама бастамашысы куәландырады.

Нотариалды тиісті тілдерді білмеген, ал көрсетілген ақпараттың аудармасын аудармашы жасаған жағдайда, осы аудармашының қолының төлнұсқалығын нотариалды куәландыруы тиіс.

2. Осы Ережелердің талаптарына сәйкес ашылуы тиіс көлемі 10 000 таңбадан астам ақпараттың ағылшын, қазақ және/немесе орыс тіліне (тілдеріне) аудармасы, осындай кідірту мерзімі 10 жұмыс күнінен аспаған жағдайда, Биржаға осы ақпараттың өзінен кешірек берілуі мүмкін.

8 бап.

Басқа қор биржаларында бағалы қағаздардың бастапқы немесе кейінгі листингі кезінде ақпаратты ашу ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын қандай да бір эмитенттің бағалы қағаздар биржасының ресми тізіміне енгізілгенге дейін немесе енгізілгеннен кейін осы эмитенттің осы немесе өзге де бағалы қағаздары ақпаратты ашу жөніндегі талаптары осы Ережелерде белгіленгеннен өзгеше болатын басқа қор биржасында айналысқа жіберілген немесе жіберілетін болса, осындай бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы Биржаға өзі немесе осы эмитент басқа қор биржасына беретін және осы Ережелерге сәйкес Биржаға берілетін ақпараттан өзгеше кез келген ақпаратты:

- 1) осы ақпарат басқа қор биржасына ұсынылатын көлемде және сол түрде;
 - 2) бұл ақпаратты Биржа да, басқа қор биржасы да бір мезгілде алатындай мерзімдерде (осы баптың 3 және 4 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) ұсынуға міндетті.
2. Биржаның жекелеген ақпарат түрлеріне қатысты ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Биржаның басқа қор биржасының тізімінде болуына байланысты оңайлатылған листингтік процедураларды қолдана отырып, Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздарға және олардың эмитентіне қатысты ақпаратты ашу осы биржаның ережелеріне және/немесе осы биржаның қызметі осы биржаның ережелерінде айқындалған интернет-ресурстарда реттелетін заңнамаға және/немесе осы биржаның қызметі реттелетін заңнамаға сәйкес Биржаға осындай ақпарат бермей жүзеге асырылады.
 3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген ақпарат қазақ немесе орыс тілдерінен басқа өзге тілдерде жасалған жағдайда, ол Биржаға ұсынылған кезде немесе нотариалды, немесе эмитент, немесе рұқсаттама бастамашысы (осы баптың 4 тармағында белгіленгендерді қоспағанда) куәландырған оның қазақ және/немесе орыс тіліндегі (тілдердегі) аудармасы бір мезгілде қоса берілуі тиіс.
 4. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген ақпаратты аудару, осы баптың 3 тармағында белгіленген шарттар сақталмай, Биржаға берілуі мүмкін, егер:
 - 1) бұл ақпараттың көлемі 10 000 таңбадан асады;
 - 2) Биржаға осы аударманы берудің неғұрлым кеш мерзімі осы баптың 2 тармағында белгіленген мерзімге қатысты 10 жұмыс күнінен аспайды.

9 бап.

Ақпаратты жасыру немесе уақтылы ашпау

1. Листингтік ережелерге және осы Ережелерге сәйкес ашылуға жататын ақпаратты жасырғаны немесе уақтылы ашпағаны үшін рұқсаттама бастамашыларына ескерту түріндегі санкция қолданылады. Бұл санкция Биржа органдарының қандай да бір шешім қабылдамай-ақ ақпаратты жасыру немесе уақтылы ашпау фактілерінің анықталуына қарай қолданылады.

Ескерту рұқсаттама бастамашысына ақпаратты жасыруға немесе уақтылы ашпауға жол берілген факті және оған осы санкцияны қолдану туралы жазбаша хабарлама түрінде ресімделеді.
2. Рұқсаттама бастамашыларының ақпаратты ашу мониторингі және ақпаратты жасыру немесе уақтылы ашпау фактілерін анықтау процесінде:
 - 1) рұқсаттама бастамашысының осы Ережелерге немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес ашуға жататын ақпаратты жасыруының немесе осы Ережелерде немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде осы ақпаратты уақтылы ашпауының әрбір жеке жағдайы ақпаратты ашу жөніндегі талаптардың бір бұзылуы (бұдан әрі – бұзушылық) деп танылады (осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда);
 - 2) осы есеп берушілік және/немесе ақпарат және/немесе құжаттар Биржаға аталған бапта көрсетілген мерзімде ұсынылса, осы Ережелердің 3 бабына сәйкес түзетілген немесе ауыстырылған мерзімді есеп берушілікті және/немесе ақпаратты және/немесе құжаттарды Биржаға ұсыну жағдайы бұзушылық деп танылмайды;

- 3) Биржаға ақпарат беру мерзімдерін бақылау мақсатында, сондай-ақ осы Ережелердің 3 бабында қарастырылған жағдайларда Биржаның интернет-ресурсында жариялау мақсатында, осы есеп берушілік және/немесе ақпарат және/немесе құжаттар Биржаға аталған бапта көрсетілген мерзімде ұсынылса, Биржаға мерзімді есеп берушілікті және/немесе ақпаратты және/немесе құжаттарды бастапқы ұсыну күні ескеріледі;
 - 4) Биржаға түзетілген немесе ауыстырылған мерзімді есеп берушілікті және/немесе ақпаратты немесе осы Ережелердің 3 бабында белгіленген түзетілген (ауыстырылған) құжаттарды беру мерзімін бұзу бұзушылық деп танылады;
 - 5) бұзушылықтың ескіру мерзімі Биржаға осы бұзушылық туралы белгілі болған сәттен бастап бір күнтізбелік жыл болып табылады.
3. Биржа бұзушылықты анықтаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 күн ішінде бұзушылыққа жол берген рұқсаттама бастамашысы жоймаған бұзушылық кезекті бұзушылық деп танылады.
 4. Осы баптың 3 тармағына немесе осы тармаққа сәйкес осы бұзушылық кезекті деп танылған күннен кейінгі күнтізбелік 30 күн ішінде оған жол берген рұқсаттама бастамашысы жоймаған бұзушылық, сондай-ақ кезекті бұзушылық ретінде танылады.
 5. Биржа рұқсаттама бастамашылары жол берген бұзушылықтар туралы ақпаратты уәкілетті органға жібереді.
 6. Қандай да бір бағалы қағаздарға қатысты рұқсаттама бастамашысы күнтізбелік бір жыл ішінде алты және одан да көп бұзушылыққа жол берсе, Листинглік комиссияның отырысына осы бағалы қағаздардың делистингі туралы мәселе шығарылады.

10 бап.

Ақпаратты ашу кезінде жауапкершілікті шектеу

1. Осы Ережелерде қарастырылған ақпаратты ашу шеңберінде Биржаға ұсынылатын құжаттарда (ақпаратта, мәліметтерде) олардың таратылуын шектейтін нормалар, өз деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректері, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес көпшілікке таратуға жатпайтын ақпарат қамтылмауы тиіс.
2. Бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне толық процедура бойынша енгізген кезде эмитент және осы эмитенттің инсайдерлері болып танылатын тұлғалар эмитент және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар туралы инсайдерлік ақпараттың көпшілікке ашылуын қамтамасыз етеді, оның ашылуы осы бағалы қағаздармен сауда-саттық басталғанға дейін олардың құнының өзгеруіне және эмитенттің қызметіне әсер етеді. Бұл ретте осындай бағалы қағаздармен сауда-саттықты бастау (ашу) тәртібі сауда-саттықты өткізу регламенті мен шарттарын айқындайтын Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленеді.
3. Рұқсаттама бастамашысы құжаттардың толықтығы, дәлдігі, дұрыстығы, өзектілігі, сондай-ақ электрондық нұсқалардағы деректердің Биржаға ұсынылған түпнұсқаларымен сәйкестігі үшін жауап береді.
4. Биржаның ресми тізіміндегі бағалы қағаздар эмитенттері және олардың қызметі туралы, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес осындай бағалы қағаздар туралы ақпаратты ашуға Биржа ұмтылады, бірақ мыналарға жауап бермейді:

- 1) мұндай ақпараттың толықтығы, дәлдігі, сенімділігі және өзектілігі үшін, сондай-ақ оны Биржаға беруге міндетті адамдардың мұндай ақпаратты жасырғаны үшін;
- 2) инвесторлардың эмитент және оның бағалы қағаздары туралы дұрыс емес түсінігі қалыптасуы мүмкін рұқсаттама бастамашысының толық емес, дәл емес, дұрыс емес және өзекті емес құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) ұсынуы үшін;
- 3) рұқсаттама бастамашысының құжаттарды (ақпарат пен мәліметтерді) жасыруы үшін;
- 4) Биржаға рұқсаттама бастамашысы ақпаратты ашу жөніндегі талаптарды орындау шеңберінде ұсынған құжаттардағы (ақпараттағы, мәліметтердегі), өзінің дербес деректерін ашуға жазбаша келісім бермеген тұлғалардың дербес деректеріндегі, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес көпшілікке таратуға жатпайтын өзге де ақпараттың мазмұны үшін.

11 бап. Биржаның алынған ақпаратты таратуы

1. Осы Ережелерге сәйкес рұқсаттама бастамашыларынан Биржа алған ақпаратты Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген құрамда, шарттарда және тәртіппен таратады.
2. Рұқсаттама бастамашысынан Осы Ережелерге сәйкес өзі Биржаға беруі тиіс құжаттарды (ақпаратты) алуына қарай Биржа осы құжаттарды Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде өзінің интернет-ресурсында орналастыруға (осы ақпаратты жариялауға) міндетті.

12 бап. Қорытынды қағидалар

1. Осы Ережелермен және Биржаның өзге ішкі құжаттарымен реттелмеген, ақпаратты ашу мәселелеріне қатысты мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ал мұндай шешу мүмкін болмаған жағдайда – Листингтік комиссияның шешімдеріне сәйкес, егер осы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау Биржаның Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының құзыретіне жатқызылмаса, шешілуге жатады.
2. Осы Ережелерге енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, егер осындай өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау және/немесе бекіту кезінде өзгеше белгіленбесе, рұқсаттама бастамашыларына/эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына, сондай-ақ бағалы қағаздардың эмитенті болып табылмайтын, бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу күніне қарамастан, оның бастамасы бойынша қандай да бір бағалы қағаздар биржаның ресми тізіміне енгізілген рұқсаттама бастамашысына қолданылады.
3. Осы Ережелер Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс.
4. Осы Ережелердің барлық қосымшалары олардың ажырамас бөлігі болып табылады.
5. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Бағалық қағаздардың
рұқсаттама
бастамашыларымен
ақпараттар ашудың
ережелеріне

1 қосымша

Бағалы қағаздар ресми тізімде болған кезде Биржаға ұсынылуы тиіс құжаттар мен ақпараттардың

ТІЗІЛІМІ

1 кесте. Осы қосымшада белгіленген мерзімдерде ұсынылатын мерзімді есеп берушілік

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсыну мерзімдері	Ескерту
А	1	2	3
1.	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖҚ талаптарына сәйкес жасалған эмитенттің әрбір аяқталған қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйымдар болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	Жыл сайын есептік жылдан кейінгі жылдың 30 мамырынан кешіктірмей	Көрсетілген қаржылық есеп берушілік электрондық түрде.pdf форматта ұсынылуы тиіс және осы есеп берушіліктің қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болуы тиіс Осы кестенің 2 жолында көрсетілген эмитенттің жылдық қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есебі көрсетілген есеп берушілік үшін белгіленген мерзім басталғанға дейін Биржаға берілген жағдайда, рұқсаттама бастамашысы осы есеп берушілікті ұсынудан босатылады
2.	Эмитенттің әрбір аяқталған қаржы жылына арналған жылдық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйымдары болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі) бойынша аудиторлық есеп	Жыл сайын есептік жылдан кейінгі жылдың 30 маусымынан кешіктірмей	Көрсетілген есеп электронды түрде .pdf форматында ұсынылуы тиіс және осы есептің қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болуы тиіс
3.	Эмитенттің ағымдағы қаржы жылының әрбір аяқталған тоқсанына арналған аралық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйымдары болған кезде – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік)	Есептік тоқсанның соңғы күнінен кейінгі 45 күнтізбелік күн ішінде	Көрсетілген қаржылық есеп берушілік электрондық түрде.xls (.xlsx) немесе .pdf (шолу бойынша есепке қатысты) форматтарында ұсынылуы тиіс

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсыну мерзімдері	Ескерту
А	1	2	3
4.	Активтер бойынша ай сайынғы есеп берушілік	Есептік айдан кейінгі 5 жұмыс күні ішінде	Көрсетілген есеп берушілік электрондық түрде.xls (.xlsx) форматында ұсынылуы тиіс. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы болып табылатын рұқсаттама бастамашысына қатысты
5.	Биржаның ресми тізіміндегі инвестициялық қордың (қорлардың) инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ай сайынғы есеп	Есептік айдан кейінгі 5 жұмыс күні ішінде	Көрсетілген есеп берушілік электрондық түрде .xls (.xlsx) форматында ұсынылуы тиіс. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы болып табылатын рұқсат беру бастамашысына қатысты
6.	Эмитенттің жылдық есебі	Жыл сайын есептік жылдан кейінгі жылдың 30 шілдесінен кешіктірмей	Көрсетілген есеп осы Ережелердің 3 қосымшасының талаптары ескеріле отырып дайындалуға және электрондық түрде.pdf. форматында ұсынылуы тиіс. Егер эмитенттің бағалы қағаздары басқа қор биржасында айналысқа жіберілген жағдайда, оның талаптарында жылдық есеп беру белгіленген болса, осы эмитенттің жылдық есебін рұқсаттама бастамашысы осы Ережелердің 8 бабына сәйкес Биржаға ұсынады. Ресми тізімнің "Баламалы" сауда-саттық алаңында тұрған бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашылары үшін ұсыну міндетті болып табылмайды
7.	Акционерлік қоғам болып табылатын эмитенттің акциялары мен акционерлері туралы мәліметтер	Тоқсан сайын әрбір күнтізбелік тоқсан өткен соң (төртінші тоқсанды қоса алғанда) алғашқы 10 жұмыс күні ішінде)	.pdf форматында. Аталған мәліметтер аталған тоқсаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күнінің 00 сағат 00 минутындағы жағдай бойынша жасалған осы эмитент акционерлерінің тізімі негізінде қалыптастырылуы тиіс және осы Ережелердің 1 қосымшасының ұсынылатын құжаттарға қойылатын қосымша талаптардың 1 тармағына сәйкес келуі тиіс.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсыну мерзімдері	Ескерту
А	1	2	3
			Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, Биржаның мониторинг бөлімшесімен келісім бойынша Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған бұл мәліметтер Биржаға өзге көлемде және өзге кезеңділікпен (осындай тіркеушінің жұмыс тәртібіне қарай) берілуі мүмкін
8.	Эмитенттің борыштық бағалы қағаздары немесе пайлары туралы мәліметтер	Тоқсан сайын әрбір күнтізбелік тоқсан өткен соң (төртінші тоқсанды қоса алғанда) алғашқы 10 жұмыс күні ішінде)	.pdf форматында. Аталған мәліметтер аталған тоқсаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күнінің 00 сағат 00 минутындағы жағдай бойынша жасалған осы эмитенттің облигацияларын немесе пайларын ұстаушылар тізімі негізінде қалыптастырылуы тиіс және осы Ережелердің 1 қосымшасының ұсынылатын құжаттарына қойылатын қосымша талаптардың 2 тармағына сәйкес келуі тиіс. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, биржа мониторингі бөлімшесімен келісім бойынша Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлға қол қойған бұл мәліметтер биржаға өзге көлемде және өзге кезеңділікпен (осындай тіркеушінің жұмыс тәртібіне қарай) берілуі мүмкін
9.	Эмитенттің еркін айналымдағы жай акцияларының саны туралы мәліметтер	Тоқсан сайын әрбір күнтізбелік тоқсан өткен соң (төртінші тоқсанды қоса алғанда) алғашқы 10 жұмыс күні ішінде)	.pdf форматында. Акциялар секторының "Премиум" санаты бойынша ресми тізімдегі жай акциялар эмитенттеріне қатысты
10.	Соңғы өткен күнтізбелік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша эмитенттің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер	Тоқсан сайын, бірақ соңғы өткен күнтізбелік тоқсаннан кейінгі бірінші айдың соңғы күнтізбелік күнінен	.pdf форматында. Аталған мәліметтер биржаға акционерлік қоғамдар үшін олардың үлестес тұлғаларының тізімдерін

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Ұсыну мерзімдері	Ескерту
А	1	2	3
		кешіктірмей	<p>қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру мақсатында уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша берілуі тиіс.</p> <p>Мұндай мәліметтерде көпшілікке таратуға жатпайтын ақпарат болмауы тиіс.</p> <p>Эмитентті заңды тұлға ретінде тіркеген мемлекеттің заңнамасында осындай ақпаратты міндетті түрде ашу жөніндегі талаптар көзделмеген немесе оны ашуға жол берілмеген жағдайда, ол эмитентке қатысты қолданылмайды</p>
11.	Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер	Тоқсан сайын алғашқы 10 жұмыс күні ішінде әрбір күнтізбелік тоқсан өткен соң немесе іс-шаралар жоспарын қабылдау кезінде листинг комиссиясы белгілеген өзге кезеңділікпен, сондай-ақ Биржаның ресми сұрау салуы бойынша	<p>.pdf форматында.</p> <p>Борыштық бағалы қағаздардың "Буферлік" санатында болуының барлық кезеңі ішінде</p>
12.	Жыл қорытындысы бойынша эмитенттің атқарушы органының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат	Жыл сайын есептік жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей	<p>.pdf форматында.</p> <p>Эмитенттің атқарушы органының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратта жалақының жиынтық мөлшері және ақшалай нысандағы көтермелеулердің барлық түрлері туралы мәліметтерді қоса алғанда, есептік кезеңде атқарушы орган мүшелерінің пайдасына эмитент жүргізген барлық төлемдердің жиынтық мөлшері туралы мәліметтер қамтылуы тиіс</p>

2 кесте. Уақиға туындаған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Ұсынылатын ағымдағы қызмет туралы құжаттар мен ақпарат

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
1.	Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжат (куәлік, анықтама)	Эмитенттің мемлекеттік қайта тіркеу туралы құжатты алған күні	.pdf форматында. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес. Түпнұсқа (түпнұсқа) немесе нотариалды куәландырған көшірме түрінде ұсынылады, ал Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің аумағында жасалған құжатқа осыған қоса, апостиль қойылуы немесе заңдастырылуы тиіс. Электрондық құжатты берген органның интернет-ресурсы арқылы құжаттың дұрыстығын тексеру мүмкіндігі болса, электрондық құжатты ұсынған жағдайда нотариалдық куәландыру талап етілмейді
2.	Мемлекеттік тіркеуге жататын, эмитенттің жарғысына тіркелген өзгертулер және/немесе толықтырулар	Эмитенттің жарғыға тіркелген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды алған күні	.pdf форматында. Сондай-ақ нотариалды куәландырған көшірмелер түрінде қағаз тасымалдағыштарда ұсынылады, ал Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің аумағында жасалған құжаттар осыған қоса апостиль қойылуы немесе заңдастырылуы тиіс
3.	Эмитенттің жоғары органы бекіткен мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, эмитенттің жарғысына енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар	Жарғыға енгізілген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды эмитенттің жоғары органы бекіткен күні	.pdf форматында.
4.	Эмитенттің жаңа редакциядағы тіркелген жарғысы	Эмитенттің тіркелген жарғыны алған күні	.pdf форматында. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес. Сондай-ақ нотариалды куәландыран көшірме түрінде қағаз тасымалдағышта ұсынылады, ал Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің аумағында жасалған құжат осыған қоса апостиль қойылуы немесе заңдастырылуы тиіс

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
5.	Корпоративтік басқару кодексіне өзгертулер және/немесе толықтырулар (өз мақсаты бойынша корпоративтік басқару кодексіне ұқсас өзге құжат) немесе кодекс (құжат) жаңа редакцияда	Өзгертулер және/немесе толықтырулар бекітілген немесе осы кодекстің (құжаттың) жаңа редакцияда бекітілген күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам болып табылатын эмитентке қатысты
6.	Эмитенттің дивидендтік саясатын анықтайтын құжатқа немесе жаңа редакциядағы тиісті құжатқа өзгертулер және/немесе толықтырулар	Өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту немесе осы құжатты жаңа редакцияда бекіту күні	.pdf форматында. Бағалы қағаздары "Премиум" санаты бойынша ресми тізімде тұрған акциялар болып табылатын эмитентке қатысты"
7.	Эмитент акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген акциялардың құнын Эмитент ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында сатып алған кезде оларды айқындау әдістемесіне өзгертулер және/немесе толықтырулар немесе эмитент акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген жаңа редакциядағы құжат	Өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту немесе осы құжатты жаңа редакцияда бекіту күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам болып табылатын эмитентке қатысты
8.	Инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды эмитенттің Ішкі бақылау ережелеріне немесе осы Ережелерге жаңа редакциядағы өзгертулер және/немесе толықтырулар	Өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіту немесе осы құжатты жаңа редакцияда бекіту күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
9.	Биржа клиентінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша жаңартылған сауалнамасы	Эмитенттің бұрын берілген сауалнамадағы мәліметтердің өзгергенін растайтын құжаттарды алған күні	Жаңартылған сауалнама бұрын берілген сауалнамада көрсетілген бестен астам мәліметтер өзгерген жағдайда ұсынылады және "Ережелер" бөлімінің "Листинг"кіші бөлімінде Биржаның интернет-ресурсында қолжетімді түсіндірмелерге (нысандар мен түсіндірмелер) сәйкес нысандардың бірі бойынша толтырылады. Бұрын берілген сауалнамада көрсетілген бес немесе одан да аз мәліметтер өзгерген жағдайда, жаңартылған мәліметтер ілеспе хатпен Биржаға ұсынылады. Жаңартылған сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар, сондай-ақ бұрын берілген сауалнамада көрсетілген мәліметтердің өзгергенін растайтын құжаттар түпнұсқалар немесе нотариалды куәландырған көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс, ал Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің аумағында жасалған құжаттар, егер биржада құжаттың дұрыстығын өзге қолжетімді көздер арқылы тексеруге мүмкіндігі болмаса, апостиль қойылуы немесе заңдастырылуы тиіс. Муниципалдық бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысына қатысты талаптар да осыған ұқсас

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
10.	Бірінші басшының және оның орынбасарларының, бас бухгалтердің және оның орынбасарларының, Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлғалардың қол қою үлгілері бар (түпнұсқалығы нотариалды куәландырылған) жаңартылған құжат (мысалы, карточка), сондай-ақ егер осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы олардың эмитенті болып табылмаса, бірінші басшының және оның орынбасарларының, бас бухгалтердің және оның орынбасарларының, Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті тұлғалардың қол қою үлгілері бар (түпнұсқалығы нотариалды куәландырылған) құжат	Қол қою үлгілері осы құжатқа енгізілген кез келген тұлғаның өкілеттігі тоқтатылған күн	Қағаз тасымалдағыштағы түпнұсқа түрінде. Егер қолданыстағы заңнамада осындай құжаттың болуы және/немесе өзінің мақсаты бойынша осындай немесе соған ұқсас құжатта қол қою үлгілерінің түпнұсқалығын нотариалды куәландыру көзделмесе, онда өзінің мақсаты бойынша осындай немесе соған ұқсас құжатта қол қою үлгілерінің түпнұсқалығы қолданыстағы заңнамаға немесе осы эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес куәландырылуы тиіс. Муниципалдық бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысына қатысты да осыған ұқсас
11.	Эмитенттің, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметіндегі өзгертулер туралы; эмитенттің өндірістік қуаттарын, қызмет аясын кеңейту (қысқарту) туралы; эмитент шығаратын өнімнің, орындалатын жұмыстардың және/немесе көрсетілетін қызметтердің өзгеруі туралы ақпарат	Аталған уақиғалардың кез келгенінің басталу күні	.pdf форматында., doc
12.	Эмитенттің заңды және/немесе нақты орналасқан жерінің өзгеруі туралы ақпарат	Аталған уақиғалардың кез келгенінің басталу күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
13.	Егер эмитенттің қызметі осындай операцияларды жүргізумен байланысты болса, эмитенттің жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттарының және/немесе осы эмитенттің жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқығын растайтын өзге де құжаттардың (осы эмитенттің жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқығын растайтын қандай да бір жаңа келісімшарттардың және/немесе өзге де құжаттардың қолданысын тоқтату немесе оларға қол қою) құрамындағы өзгеруі туралы ақпарат	Аталған уақиғалардың кез келгенінің басталу күні	.pdf форматында.
14.	Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы немесе жалғыз акционері (қатысушысы) қабылдаған шешімдер туралы ақпарат	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының немесе жалғыз акционердің (қатысушының) шешім қабылдаған күні	.pdf форматында.
15.	Эмитенттің атқарушы органының құрамында, сондай-ақ эмитенттің басқару органының (егер эмитент акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған болса) немесе қадағалау кеңесінің (егер эмитент акционерлік қоғамнан басқа өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған болса) құрамында эмитенттің жарғысында осындай органның болуы көзделсе, эмитенттің тиісті органының құрамын көрсете отырып, эмитенттің өзгеруі (өзгерістерді, сайлауды қоса алғанда) туралы ақпарат	Басқару органы немесе қадағалау кеңесі тиісті шешім қабылдаған немесе жазбаша хабарлама алған күн.	.pdf форматында. Орналастырылған акциялардың жалпы санының 50 және одан да көп пайызы немесе төленген жарғылық капиталы мемлекетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, ұлттық холдингке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға болып табылатын, эмитентке қатысты.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
16.	Акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы эмитенттің директорлар кеңесінің (акционерлік қоғамнан басқа, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесінің) немесе эмитенттің тиісті органының шешімі туралы ақпарат	Эмитенттің директорлар кеңесінің немесе эмитенттің тиісті органының шешім қабылдауға уәкілетті шешім қабылдаған күні	.pdf форматында.
17.	Эмитенттің директорлар кеңесінің (акционерлік қоғамнан басқа, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесінің) немесе эмитенттің тиісті органының акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сатуу) тәсілі мен бағасы туралы шешімі туралы ақпарат;	Эмитенттің директорлар кеңесінің немесе эмитенттің тиісті органының шешім қабылдауға уәкілетті шешім қабылдаған күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам болып табылатын эмитентке қатысты
18.	Егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асатын болса, эмитенттің Директорлар кеңесінің (акционерлік қоғамнан басқа, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесінің) немесе эмитенттің тиісті органының эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімі туралы ақпарат	Эмитенттің директорлар кеңесінің немесе эмитенттің шешім қабылдауға уәкілетті тиісті органының шешім қабылдаған күні.	.pdf форматында. Акционерлік қоғам болып табылатын эмитентке қатысты

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы/ақпарат	Тйындаған күні	Ескерту
А	1	3	3
19.	Эмитенттің директорлар кеңесінің (акционерлік қоғамнан басқа, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесінің) немесе эмитенттің тиісті органының облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығарылымы туралы шешімі туралы ақпарат	Эмитенттің директорлар кеңесінің немесе эмитенттің тиісті органының шешім қабылдауға уәкілетті шешім қабылдаған күні	.pdf форматында.
20.	Эмитентті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі туралы ақпарат	Соттың тиісті шешімінің заңды күшіне енген күні	.pdf форматында.
21.	Нәтижесінде теңгерімдік құны эмитент активтерінің жалпы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын, эмитенттің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы туралы ақпарат	Төтенше сипаттағы жағдайлар туындаған күн	.pdf форматында.

3 кесте. Уақиға туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынылатын, ағымдағы қызмет туралы құжаттар мен ақпарат

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
1.	Эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі немесе өзінің мақсаты бойынша көрсетілген куәлікке ұқсас өзге де құжат, егер мұндай тіркеу қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндетті болып табылса	Эмитенттің алған күні: – эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі немесе – өз мақсаты бойынша көрсетілген куәлікке ұқсас өзге де құжат	.pdf форматында.
2.	Уәкілетті орган тіркеген, оған енгізілген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасы және осындай тіркеу туралы уәкілетті органның хабарламасы	Эмитенттің уәкілетті органның бағалы қағаздар шығарылымы аңдатпасын мемлекеттік тіркегенін растайтын құжаттарды алған күні	.pdf форматында. Эмитент, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, қолданылатын заңнамаға сәйкес тіркелген эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасын немесе өзінің мақсаты бойынша көрсетілген аңдатпаға ұқсас, қолданылатын заңнамаға сәйкес тіркелген өзге құжатты ұсынуға жол беріледіс применимым законодательством
2.	Эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы бұрын берілген куәліктің орнына алынған жаңа куәлік	Эмитенттің бұрын берілгендерін алмастыратын бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алған күні	.pdf форматында. Эмитент, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, егер мұндай тіркеу қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндетті болып табылса, өзінің мақсаты бойынша көрсетілген куәлікке ұқсас өзге құжатты ұсынуға жол беріледі

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
3.	Мемлекеттік тіркеуге жататын эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасына уәкілетті орган тіркеген өзгертулер және/немесе толықтырулар және осындай тіркеу туралы уәкілетті органның хабарламасы	Эмитенттің уәкілетті орган тіркеген бағалы қағаздар шығарылымы аңдатпасына өзгертулерді және/немесе толықтыруларды алған күні	.pdf форматында. Эмитент, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген, заңды тұлға болып табылса, қолданылатын заңнамаға сәйкес тіркелген эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымы аңдатпасына өзгертулер және/немесе толықтырулар немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес тіркелген, көрсетілген аңдатпаға өзінің мақсаты бойынша ұқсас өзге құжатқа өзгертулер және/немесе толықтыруларды ұсынуға жол беріледі
4.	Эмитенттің уәкілетті органы бекіткен, эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне мемлекеттік тіркеуге жатпайтын өзгертулер және/немесе толықтырулар және эмитенттің уәкілетті органының осындай бекіту туралы шешімі	Эмитенттің уәкілетті органының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының аңдатпасына өзгертулерді және/немесе толықтыруларды бекіткен күні	.pdf форматында. Эмитент, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, өзінің мақсаты бойынша көрсетілген аңдатпаға ұқсас өзге де құжатқа өзгертулер және/немесе толықтырулар ұсынуға жол беріледі
6.	Уәкілетті органмен келісілген, Инвестициялық пай қорының ережелеріне енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар немесе осы Ережелердің жаңа редакциясы	Эмитенттің Инвестициялық пай қорының ережесіне, уәкілетті органмен келісілген, өзгерістерді және/немесе толықтыруларды немесе осы құжатты жаңа редакцияда алған күні	.pdf форматында.
7.	Сыйақы төленуі тиіс кезең үшін эмитенттің бағалы қағаздары бойынша сыйақыны (акциялар, пайлар бойынша дивидендтерді және борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны (негізгі борышты) төлеудің мүмкін еместігі туралы, төлемді жүзеге асыру мүмкін болмайтын себептерді және төленбеген сыйақы сомаларын көрсете отырып, ақпарат	Бағалы қағаздар шығару аңдатпасында белгіленген. міндеттемелерді орындау күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
	Акциялар түрін, дивидендтер төленетін кезеңді, дивидендтерді төлеудің болжамды күнін, төленуге жататын соманы, бір акцияға төленетін төлем мөлшерін, осы дивидендтерді төлеу үшін акцияларды ұстаушылардың тізілімін тіркеу күні мен уақытын көрсетуді қоса алғанда, эмитенттің жай және артықшылықты акциялары бойынша алдағы дивидендтер төлеу туралы ақпарат	Эмитенттің уәкілетті органының акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күні	.pdf форматында.
8.	Сыйақы төлеу күнін, сыйақы төленуге жататын соманы, бағалы қағаздарды ұстаушыларға нақты төленген сыйақы сомасын, осы сыйақы төленген кезеңді, бір бағалы қағазға төленетін төлем мөлшерін, осы сыйақыны төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін тіркеу күні мен уақытын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары бойынша сыйақы (акциялар, пайлар бойынша дивидендтер және борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы (негізгі борыш) төлеу туралы ақпарат	Бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеу күні	.pdf форматында. Муниципалдық бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысына қатысты да ұқсас
9.	Эмитенттің артықшылықты акциялары олардың меншік иелеріне осы эмитентті басқаруға қатысу құқығын бере бастаған мән-жайлар туралы ақпарат.	Тиісті уақиғаның басталу күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам - эмитентке қатысты. Егер аталған құқық осы эмитенттің артықшылықты акцияларының барлық меншік иелеріне берілмеген жағдайда, Биржаға бір мезгілде аталған құқық берілетін тұлғалар туралы және аталған құқық берілетін артықшылықты акциялардың саны туралы мәліметтер жіберілуі тиіс

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
10.	Егер талап қоюдың мөлшері осы эмитенттің активтері мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құраса, эмитентке сотқа берілген талап арыз туралы ақпарат	Эмитенттің тиісті хабарламаны алған күні	.pdf форматында.
11.	Толық атауын, заңды және нақты орналасқан жерін, оны мемлекеттік тіркеу және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияның бар-жоғы туралы деректерді көрсете отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің ауысуы туралы ақпарат	Эмитенттің тіркеушінің ауысқанын растайтын тиісті құжаттарды алған күні	.pdf форматында. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар болып табылатын эмитенттерге қатысты. Егер мұндай қызмет қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялануға жататын болса, көрсетілген тіркеушіде ұқсас немесе ұқсас түрдегі қызметті жүзеге асыруға лицензияның болуы туралы мәліметтерді ұсынуға жол беріледі
12.	Эмитенттің бір мәміленің немесе мәмілелер сериясының нәтижесінде өзінің орналастырылған акцияларының жалпы санының бес және одан да көп пайызын құрайтын санда өз акцияларын сатуы және/немесе орналастыруы туралы ақпарат.	Эмитенттің өз акцияларын сатқанын және/немесе орналастырғанын растайтын, тиісті құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам - эмитентке қатысты
13.	Эмитенттің операцияларын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркеуді тоқтата тұру туралы ақпарат	Эмитенттің өз операцияларын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркеуді тоқтата тұруды растайтын тиісті құжаттарды алған күні	.pdf форматында.
14.	Эмитенттің бағалы қағаздарын шетелдік нарықтарда орналастыруға және/немесе айналысқа жіберу (американдық және/немесе жаһандық депозитарлық қолхаттарды, борыштық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру, басқа биржаларда листингілік процедуралардан өту) туралы ақпарат	Эмитенттің өзінің бағалы қағаздарын шетелдік нарықтарда орналастыруға және/немесе айналысқа жіберуге рұқсат етілгенін растайтын, тиісті құжаттарды алған күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
15.	Эмитенттің рейтингілік бағасын (рейтингілік бағаларын) және/немесе оның бағалы қағаздарын беру, растау немесе өзгерту туралы, сондай-ақ осындай рейтингілік бағаларын кері қайтарып алу туралы ақпарат	Эмитенттің және/немесе оның бағалы қағаздарына эмитенттің рейтингілік бағасын (рейтингілік бағаларын) беруді, растауды немесе өзгертуді растайтын, тиісті құжаттарды алған күні, сондай-ақ осындай рейтингілік бағаларды кері қайтарып алу	.pdf форматында.
16.	Эмитенттің қызметіне, оның бағалы қағаздарының бағамына елеулі әсер етуі және тиісінше инвесторлардың мүдделеріне әсер етуі мүмкін уақиғалар туралы ақпарат	Уақиғаның туындаған немесе эмитенттің қызметіне, оның бағалы қағаздарының бағамына елеулі әсер етуі және тиісінше инвесторлардың мүдделеріне әсер етуі мүмкін оқиғаның туындауын растайтын құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында.
17.	Эмитенттің атқарушы органының құрамында, сондай-ақ Эмитенттің басқару органының (егер эмитент акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған болса) немесе қадағалау кеңесінің (егер эмитент акционерлік қоғамнан басқа өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған болса) құрамында эмитенттің жарғысында осындай органның болуы көзделсе, эмитенттің тиісті органының құрамын көрсете отырып, эмитенттің өзгеруі (өзгертулерді, сайлауды қоса алғанда) туралы ақпарат	Басқару органы немесе қадағалау кеңесі тиісті шешім қабылдаған немесе жазбаша хабарлама алған күн	.pdf форматында. Орналастырылған акциялардың жалпы санының 50 және одан да көп пайызы немесе төленген жарғылық капиталы мемлекетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, ұлттық холдингке немесе Ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға болып табылатын эмитентке қатысты қолданылмайды
18.	Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) құрамы туралы және/немесе эмитенттің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 10 және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (қатысушылар) құрамындағы өзгеріс туралы ақпарат	Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өзгерістердің тіркелгенін растайтын құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
19.	Эмитенттің директорлар кеңесінің (акционерлік қоғамнан басқа, өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесінің) немесе эмитенттің тиісті органының бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: жасалуында эмитент мүдделілік танытқан және осындай мәмілелерді жасасу туралы эмитенттің уәкілетті органы шешім қабылдаған күнге құны эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 10 және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасасу туралы шешімі	Эмитенттің директорлар кеңесінің немесе эмитенттің тиісті органының шешім қабылдауға уәкілетті шешім қабылдаған күні	.pdf форматында.
20.	Эмитенттің бағалы қағаздарын және/немесе өзге де ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы ақпарат	Эмитенттің орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) жалпы санының он және одан да көп пайызына иеленген акционерлер туралы Орталық депозитарий берген, эмитенттің бағалы қағаздарын және/немесе өзге де ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастауын растайтын, анықтаманы алған күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам - эмитентке қатысты
21.	Эмитенттің бір тұрпаттағы орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы ақпарат	Эмитенттің орналастырылған акциялардың (қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) жалпы санының 10 және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер туралы Орталық депозитарий берген, эмитенттің орналастырылған акцияларының бір тұрпатын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастауды растайтын анықтаманы алған күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам - эмитентке қатысты

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
22.	Эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 және одан да көп пайызына ие ұйымдардың тізімі және/немесе тізіміндегі өзгерістер туралы ақпарат	Эмитенттің ұйымдағы акциялардың (үлестердің, пайлардың) 10 және одан да көп пайызына ие болғанын (немесе ие болуын тоқтатқанын) растайтын құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында.
23.	Эмитенттің ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: эмитенттің оларды жасасуға мүдделігі бар және уәкілетті орган осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасауы туралы ақпарат	Келісім-шарт немесе келісім-шартқа қосымша келісім жасалған және/немесе эмитент мәміленің мемлекеттік немесе өзге де тіркелуін растайтын құжаттарды алған күн, егер ірі мәміле және/немесе мүдделі мәміле жасасу үшін міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеу қажет болған жағдайда	.pdf форматында. Нәтижесінде эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 10 және одан көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер болған кезде мәліметтер қамтылуы тиіс. Барлық эмитенттерге олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан қолданылады. Эмитент Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылса, мұндай мәмілелер туралы ақпарат қолданылатын заңнамаға сәйкес ашылады

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
24.	Осы эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға эмитент мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ осы эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Эмитент мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу туралы ақпарат	Кепілі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тіркелуге жататын мүлікке қатысты – эмитенттің кепіл (қайта кепіл) туралы келісім-шарттың тіркелгенін растайтын құжаттарды алған күні немесе Кепілі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тіркелуге жатпайтын мүлікке қатысты – эмитент мүлкінің кепілі (қайта кепіл) туралы келісім-шарт жасалған күн, немесе Эмитент мүлкінің кепілден (қайта кепілден) алынғанын растайтын құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында.
25.	Құны эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын эмитенттің мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан шығару) туралы ақпарат	Эмитенттің мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу) туралы шешімді эмитенттің алған күні	.pdf форматында.
26.	Эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 25 және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы туралы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы ақпарат	Эмитенттің қарыз туралы шартты немесе кредиттік желіні жасасқан немесе эмитенттің осы қарыз немесе кредиттік желі бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеген күні. Бір кредиттік желі шеңберінде есептелген сыйақыны ескере отырыпалынған және өтелмеген қарыздардың жалпы сомасы эмитент активтерінің жалпы теңгерімдік құны мөлшерінің 25 және одан да көп пайызына жеткенде	.pdf форматында.
27.	Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы туралы ақпарат	Эмитенттің корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
28.	Эмитенттің, тиісті құжаттарды (рұқсаттарды, лицензияларды) қоса бере отырып, бірінші санаттағы рұқсаттарды (лицензияларды) алуы (тоқтатуы, тоқтата тұруы) туралы ақпарат	Бірінші санаттағы рұқсаттарды (лицензияларды) алу (тоқтату, тоқтата тұру) туралы құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында. Егер эмитенттің қызметі осы эмитент заңды тұлға ретінде тіркелген елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын болса. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға және шетел және ұлттық валюталарда банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиялар, сондай-ақ нотариат куәландырған көшірмелер түрінде қағаз тасымалдағышта беріледі, ал Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің аумағында алынған тиісті лицензиялар осыған қоса апостиль қойылуы немесе заңдастырылуы тиіс. Электрондық құжат ұсынылған жағдайда, егер осы электрондық құжатты берген органның интернет-ресурсы арқылы лицензияның дұрыстығын тексеру мүмкіндігі болса, нотариалдық куәландыру талап етілмейді
29.	Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі туралы ақпарат	Уәкілетті орган тіркеген жарғыны және/немесе жарғыға енгізілген өзгертулерді алған күн	.pdf форматында.
30.	Уәкілетті органның эмитент акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептерді бекітуі туралы ақпарат	Уәкілетті органы бекіткен, эмитент акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті эмитенттің алған күні	.pdf форматында. Акционерлік қоғам - эмитентке қатысты
31.	Уәкілетті органның бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы және/немесе эмитенттің бағалы қағаздарын өтеу туралы ақпарат	Эмитенттің бағалы қағаздарын жою және/немесе өтеу туралы растайтын құжаттарды эмитенттің алған күні	.pdf форматында.

Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелері

№ р/с	Құжаттың атауы	Туындаған күні	Ескерту
А	1	2	3
32.	Эмитенттің жарғысына, сондай-ақ оның бағалы қағаздарын шығару аңдатпасына сәйкес эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) және/немесе инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпарат	Егер АҚ туралы заңда және БҚН туралы заңда бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына ақпаратты жеткізудің өзге мерзімдері көзделмесе, жарғыға және оның бағалы қағаздарын шығару аңдатпасына сәйкес эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) және/немесе инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де уақиғалардың туындаған күні. Эмитенттің мемлекеттік емес облигацияларды шығару аңдатпасында көзделген шарттарды сақтамаған күні.	.pdf форматында.

Ұсынылатын құжаттарға қойылатын қосымша талаптар

1. Осы қосымшаның 1 кестесінің 7 жолында көрсетілген мәліметтер тіркеушінің ережелеріне сәйкес куәландырылуы және/немесе Биржамен өзара іс-қимыл жасауға өкілетті тұлға қол қоюы тиіс және мынадай деректерді қамтуы тиіс:
 - 1) эмитенттің жарияланған (оның ішінде жай және артықшылықты) акцияларының саны;
 - 2) эмитенттің орналастырылған (оның ішінде жай және артықшылықты) акцияларының саны;
 - 3) эмитенттің ауыртпалық салынған және/немесе бұғатталған орналастырылған (оның ішінде жай және артықшылықты) акцияларының саны;
 - 4) эмитенттің өзі сатып алған немесе міндеттемелерді орындамау нәтижесінде алынған, эмитенттің өзі кепілге қабылдаған акцияларының кепілмен қамтамасыз етілген акцияларының (оның ішінде жай және артықшылықты) саны;
 - 5) Эмитенттің орналастырылған акцияларының жалпы санының бес және одан да көп пайызы әрқайсысына тиесілі тұлғалар туралы (заңды тұлғаларға қатысты – атауы және орналасқан жері; жеке тұлғаларға қатысты – тегі, аты және бар болса, әкесінің аты, тұрғылықты жері), оның ішінде эмитенттің акциялары номиналды ұстауда тұрған тұлғалар туралы (тіркеушінің сұрау салуына жауап ретінде эмитенттің акцияларын номиналды ұстаушылары олар туралы мәліметтерді ұсынбаған тұлғаларды қоспағанда) деректер;
 - 6) ауыртпалық салынған және/немесе бұғатталған акциялардың санын көрсете отырып және эмитент кепілге қабылдаған акцияларды бөле отырып, осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың әрқайсысына тиесілі эмитент акцияларының (оның ішінде жай және артықшылықты) саны;
 - 7) меншік иелері туралы мәліметтерді тіркеушінің сұрау салуына жауап ретінде эмитенттің номиналды ұстаушылары эмитенттің тіркеушісіне ұсынылмаған, номиналды ұстаудағы эмитент акцияларының (оның ішінде жай және артықшылықты) саны.

2. Осы қосымшаның 1 кестесінің 7 жолында көрсетілген мәліметтер тіркеушінің ережелеріне сәйкес куәландырылуы және/немесе Биржамен өзара іс-қимыл жасауға өкілетті тұлға қол қоюы тиіс және мынадай деректерді қамтуы тиіс:
 - 1) шығарылған бағалы қағаздардың саны;
 - 2) орналастырылған бағалы қағаздардың саны;
 - 3) эмитент кері сатып алған бағалы қағаздардың саны;
 - 4) ауыртпалық салынған және/немесе бұғатталған орналастырылған бағалы қағаздардың саны;
 - 5) бағалы қағаздарды ұстаушылар саны.
3. Эмитенттің еркін айналыстағы жай акцияларының санын есептеу кезінде эмитенттің орналастырылған жай акцияларының жалпы санынан мынадай акциялар алып тасталады:
 - 1) осы акциялар эмитентін заңды тұлға ретінде тіркеген елдің мемлекеттік меншігі болып табылады;
 - 2) осы акциялар эмитентінің лауазымды тұлғаларының меншігінде;
 - 3) осы эмитенттің орналастырылған жай акцияларының жалпы санының 10 және одан да көп пайызын құрайтын санда осы акциялар әрқайсысына тиесілі тұлғалардың меншігінде;
 - 4) Эмитент сатып алған, бұғатталған және/немесе ауыртпалық салынған.

Бағалы қағаздардың
рұқсаттама
бастамашыларымен
ақпараттар ашудың
ережелеріне

2 қосымша

Бір акцияның теңгерімдік құнын

ЕСЕПТЕУ

1. Осы Есептеуде теңгерімдік құнды есептеу мақсаттары үшін:
 - 1) артықшылықты акциялар шартты түрде екі топқа бөлінеді:
 - бірінші топтың артықшылықты акциялары – өз эмитентінің есеп саясатына сәйкес оның қаржылық есеп берушілігінде меншікті капиталдағы үлестік құрал ретінде немесе меншікті капиталдағы және міндеттемелердегі аралас құрал ретінде ескерілетін артықшылықты акциялар;
 - екінші топтың артықшылықты акциялары-өз эмитентінің есеп саясатына сәйкес оның қаржылық есеп берушілігінде міндеттемелерде ескерілетін артықшылықты акциялар;
 - 2) жай немесе артықшылықты акциялардың саны – есептеу күніне орналастырылған акциялардың (шығарылған және айналыста болған) саны. Эмитент кері сатып алған акциялар есепке қатыспайды.
2. Есептеу күні үшін акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есеп жасалған кезеңнің соңғы күні қабылданады.
3. Акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есепті жасау күніне осы Есептеуге сәйкес есептелген бір акцияның теңгерімдік құны аталған есепте көрсетіледі.
4. Бір жай акцияның теңгерімдік құны мынадай формула бойынша есептеледі:
$$BV_{CS} = NAV/NO_{CS}, \text{ мұнда}$$

BV_{CS} – (book value per common share) есептеу күніне бір жай акцияның теңгерімдік құны;

NAV – (net asset value) есептеу күніне жай акциялар үшін таза активтер;

NO_{CS} – (number of outstanding common shares) есептеу күніне жай акциялардың саны.
5. Жай акциялар үшін таза активтер мынадай формула бойынша есептеледі:
$$NAV = (TA - IA) - TL - PS, \text{ мұнда}$$

TA – (total assets) акциялар эмитентінің есептеу күніндегі қаржылық жағдайы туралы есептегі акциялар эмитентінің активтері;

IA – (intangible assets) төленген ақшаны немесе ақша баламаларын өтеу және/немесе экономикалық пайда алу мақсатында ұйым үшінші тараптарға сата алмайтын акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есептегі материалдық емес активтер;

TL – (total liabilities) есептеу күніндегі акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есептегі міндеттемелер;

PS – (preferred stock) есептеу күніндегі акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есепте "жарғылық капитал, артықшылықты акциялар" шотының сальдосы.

6. Бірінші топтың бір артықшылықты акциясының теңгерімдік құны мынадай формула бойынша есептеледі::

$$BV_{PS1} = (EPC + DC_{PS1})/NO_{PS1}, \text{ мұнда}$$

- BV_{PS1} – (book value per preferred share of the first group) бірінші топтың бір артықшылықты акциясының есептеу күніндегі теңгерімдік құны;
- NO_{PS1} – (number of outstanding preferred shares of the first group) есептеу күніне бірінші топтың артықшылықты акцияларының саны;
- EPC – (equity with prior claims) капитал, есептеу күніне бірінші топтың артықшылықты акцияларын ұстаушыларға тиесілі;
- DC_{PS1} – (debt component of preferred shares) міндеттемелерде ескерілетін бірінші топтың артықшылықты акцияларының борыштық құрамдас бөлігі.

7. Бірінші топтың артықшылықты акцияларын ұстаушыларға тиесілі капитал мынадай формула бойынша есептеледі::

$$EPC = TD_{PS1} + PS, \text{ мұнда:}$$

- TD_{PS1} – (total dividends) есептеу күніне бірінші топтың артықшылықты акциялары бойынша есептелген, бірақ төленбеген дивидендтердің сомасы ("акционерлермен есеп айырысу (дивидендтер)" шотының сальдосы). Есепте осы акциялар эмитентінің өзекті мәліметтері мен оларды ұстаушылардың деректемелері болмауы себебінен төленбеген бірінші топтың артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есепке алынбайды.

8. Екінші топтың бір артықшылықты акциясының баланстық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$BV_{PS2} = LPS/NO_{PS2}, \text{ мұнда}$$

- BV_{PS2} – (book value per preferred share of the second group) екінші топтың бір артықшылықты акциясының есептеу күніндегі баланстық құны;
- NO_{PS2} – (number of outstanding preferred shares of the second group) есептеу күніне екінші топтың артықшылықты акцияларының саны;
- LPS – (liabilities) есептеу күніндегі акциялар эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есепте міндеттеме ретінде ескерілетін артықшылықты акциялар бойынша шоттың сальдосы.

Бағалы қағаздардың
рұқсаттама
бастамашыларымен
ақпараттар ашудың
ережелеріне

3 қосымша

ЭМИТЕНТТІҢ ӨЗІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІНДЕ АҚПАРАТТЫ АШУЫНА

Биржа қоятын талаптар

ТАЛАПТАР
(бұдан әрі – Талаптар)

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Жалпы шарттар

Жылдық есеп инвесторларға эмитент қызметінің теңгерімді көрінісін беретін маңызды құжат болып табылады. Бұл ретте ол эмитенттің жетістіктерін ғана емес, сондай-ақ сәтсіздіктерін, сондай-ақ есептік кезеңнің қорытындылары бойынша жасалған қорытындыларды және эмитенттің одан арғы іс-қимылдарын көрсетуі тиіс.

Жылдық есепті дайындау кезінде Эмитенттің сапалы дайындалған жылдық есебі оның инвесторлармен қарым-қатынастағы беделі мен сенімін нығайтуға ықпал ететінін, сондай-ақ белгілі бір бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ететінін ескеру қажет.

Ақпаратты беру тәсілі, оның қалай топтастырылғандығы, жылдық есептің дизайны мен құрылымының негізгі элементтерін эмитенттің өзі өз қызметінің сипатына, ол қолданатын корпоративтік басқару практикасы мен стандарттарына, оның мүмкіндіктері мен жылдық есептің мақсатты аудиториясын түсінуге сүйене отырып анықтайды. Осы қосымшада пайдаланылатын жылдық есепте ақпаратты баяндау тәртібі ұсынымдық сипатта болады және базалық ретінде ұсынылады.

Осы талаптар акционерлік қоғамдар үшін де, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін де жарамды және олардың мөлшеріне, саласына немесе орналасқан жеріне қарамастан эмитенттер үшін арналған жылдық есепті дайындау бойынша жалпы басшылықты қамтамасыз етеді.

Жылдық есепті эмитенттің қызметкерлерін, мемлекеттік органдардың өкілдерін, серіктестері мен өнім берушілерін қоса алғанда, эмитенттің әртүрлі мүдделі тараптары пайдалана алады, бұл ретте эмитенттің инвесторлары мен акционерлеріне (қатысушыларына) пайдалы ақпарат беруге басты назар аударылады.

Жылдық есепті дайындау кезінде эмитенттер басқа да ұқсас талаптарды, мысалы, Есеп берушілік жөніндегі жаһандық бастама әдістемесін (GRI) пайдалана алады.

2. Жылдық есепті дайындаудың жалпы принциптері

Жылдық есепті дайындау кезінде эмитенттерге мынадай принциптерді қолдану ұсынылады:

1) мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.

жылдық есепті жасайтын эмитент өз қызметіне, өніміне (өнімдеріне, көрсетілетін қызметтеріне) елеулі әсер етуі мүмкін мүдделі тараптарды (жеке және заңды тұлғаларды), сондай-ақ әрекеттері эмитенттің өз стратегияларын табысты іске асыру және қойылған мақсаттарға қол жеткізу қабілетіне әсер етуі мүмкін компанияларды немесе тұлғаларды анықтауы тиіс;

2) маңыздылық.

Жылдық есеп эмитент үшін де, оның мүдделі тараптары үшін де маңызды ақпаратты қамтуы керек. Ақпараттың маңыздылығын анықтау үшін эмитент өз қызметіне және оның мүдделі тараптарына айтарлықтай әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімін пайдалануы қажет. Ақпараттың маңыздылығы эмитенттің географиялық орналасуына, оның өнеркәсіптік секторына, пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болуы мүмкін.

Жылдық есепте эмитент өз қызметін жүзеге асыратын өңірдің және тұтастай елдің, қоршаған орта мен қоғамның экономикасына эмитенттің және оның мүдделі тараптарының бағалауы мен шешімдеріне елеулі әсер ететін аспектілер туралы деректерді ұсыну қажет;

3) толықтық.

Жылдық есептің көрсеткіштері мен мазмұны эмитенттің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға елеулі әсерін көрсету және мүдделі тараптарға эмитенттің есептік кезеңдегі қызметінің нәтижелерін бағалау мүмкіндігін беру үшін жеткілікті болуы тиіс. Толықтыққа үш негізгі өлшем кіреді – қамту ауқымы, шекаралар және есеп беру уақыты. Толықтық ұғымы ақпарат жинау әдістеріне де қатысты қолданылуы мүмкін;

4) салыстырмалылық.

Жылдық есепті пайдаланатын мүдделі тараптар эмитент қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелері туралы ұсынылған ақпаратты алдыңғы кезеңдердегі нәтижелермен, оның мақсаттарымен, сондай-ақ басқа ұйымдар қызметінің нәтижелерімен салыстыра алуы тиіс;

5) растылық.

Жылдық есепті дайындау кезінде пайдаланылған ақпарат пен процестер мүдделі тараптар осы есепте қамтылған ақпаратты тексеруге және оның мазмұнының шынайылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретіндей түрде жиналуы, құжатталуы, құрастырылуы, талдануы және ашылуы тиіс. Ақпарат сапалық сипаттамамен және сандық деректермен көрсетілуі мүмкін;

6) уақтылық.

Жылдық есеп мүдделі тараптардың ақпараттандырылған шешімдер қабылдауы үшін жеткілікті түрде жедел және тұрақты негізде ұсынылуы тиіс. Есептің уақтылығы Есептіліктің жүйелілігіне де, жылдық есепті шығару мен онда сипатталған нақты оқиғалар арасындағы кезеңге де жатады;

7) айқындық.

Жылдық есептегі ақпарат мүдделі тараптарға түсінікті және қолжетімді нысанда ұсынылуы, негізгі сәттерге назар аудару және оның оқылуын қамтамасыз ету үшін қысқаша баяндалуы тиіс.

Жылдық есепті қалыптастыру кезінде ақпаратты қабылдауды жеңілдету үшін кестелерді, графиктерді, диаграммаларды, схемаларды, сондай-ақ сандық көрсеткіштерді анықтау бойынша есептеулер мен әдістемелерді пайдалану ұсынылады.

3. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар

Жылдық есепте эмитенттің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған, оның ішінде эмитент көрсететін немесе оның үшінші тараптармен (жеткізушілермен, халықпен, әртүрлі ұйымдармен) қарым-қатынасы себебінен оның қызметімен байланыстыруға болатын елеулі экологиялық және әлеуметтік әсерді басқаруға қатысты жалпы пайымы мен стратегиясын сипаттау керек.

Жылдық есепке мынадай ақпаратты енгізу ұсынылады:

- эмитент қызметінің экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне қатысы бар қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге арналған негізгі проблемалар;
- эмитентке және оның тұрақты даму саласындағы басымдықтарына ықпал ететін макроэкономикалық немесе саяси үрдістер;

- қойылған мақсаттарға қатысты есептік кезеңдегі тұрақты даму мәселелеріндегі эмитенттің маңызды оқиғалары, қызметінің нәтижелері;
- ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға әсер ететін негізгі экологиялық және әлеуметтік факторларды бағалау әдісі, сондай-ақ бұл эмитент қызметінің жалпы көрсеткіштерінде, оның стратегиясы мен тәуекел бейінінде қалай көрініс табады;
- эмитенттің нақты операциялық мәнмәтінін, оның саласын және географиялық орналасқан жерін негізге ала отырып, жалпы қабылданған экологиялық және әлеуметтік талаптардың эмитентіне әсерін талдау;
- эмитенттің стратегиясына және оның операциялық және қаржылық көрсеткіштеріне экологиялық және әлеуметтік факторлардың елеулі әсері ретінде сипатталатын экологиялық және әлеуметтік проблемалардың әрқайсысы бойынша эмитенттің қызметін талқылау және талдау;
- эмитент үшін маңызды деп айқындалған мәселелерге ерекше назар аудара отырып, эмитенттің қоғам үшін әлеуметтік пайданы арттыруға және оның қызметіне, өнімі мен қызметіне экологиялық және әлеуметтік жағымсыз әсерлерді, сондай-ақ өнім берушілер тізбегін азайтуға бағытталған күш-жігері (саясатты, стратегияны және менеджмент жүйесін қоса алғанда);
- әлеуметтік және экологиялық басқару жүйесін қоса алғанда, экологиялық және әлеуметтік проблемаларға байланысты тәуекелдерді, салдарлар мен мүмкіндіктерді анықтау мен басқарудың жүйелі процесі;
- осы Ережелердің 4, 5 және 6 қосымшаларында жазылған жалпы экологиялық және әлеуметтік мәселелер мен корпоративтік басқаруға (бұдан әрі – ESG) қатысты қызметтің негізгі көрсеткіштерін (KPIs) пайдалану есебінен қызметтің тиімділігі мен нәтижелерін бағалау.

Эмитент жылдық есептің мазмұнын анықтау кезінде келесі тәсілдерді ұстануы керек:

- эмитент үшін маңызды аспектілерді тұжырымдау және олардың оның қызметіне, өніміне, қызметіне әсерін бағалау және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас;
- эмитенттің ішкі және сыртқы ортасына осындай әсер ету шекарасын белгілеу;
- есепке енгізілуі қажет тақырыптарды және олар бойынша ұсынылатын ақпараттың көлемін айқындау мақсатында олардың маңыздылығына қарай анықталған аспектілерге қатысты басымдықтарды белгілеу;
- эмитент қызметінің елеулі аспектілерін басқару саласындағы тәсілдер, сондай-ақ оларға қатысты бар көрсеткіштер туралы мәліметтерді ашу.

Жылдық есепте эмитенттің өзінің және ұйым орналастырылған акциялардың жалпы санының немесе осындай заңды тұлғаның төленген жарғылық капиталының 50 және одан да көп пайызын иеленетін кез келген заңды тұлғаның қызметі мен көрсеткіштерін ашу керек.

Сандық мәнде көрсетілген операциялардың нәтижелері азшылық үлесін ескерместен бақыланатын компаниялардың деректерін қамтуы керек. Үлестес, бірақ шоғырландыруға енгізілмеген компаниялар туралы ақпарат эмитент қызметінің стратегиясы мен нәтижелерін түсіндіру үшін қажетті көлемде берілуі тиіс.

Жылдық есепте ашуға талап етілетін ақпарат эмитент дайындаған, міндетті немесе ерікті түрде жасалған басқа есептерде немесе құжаттарда болуы мүмкін. Бұл жағдайда эмитент қалауы бойынша өзінің жылдық есебінде ашылған ақпаратты келтірмей, оған тиісті ақпаратты қамтитын бұрын орналастырылған құжатқа сілтемені енгізуі мүмкін.

Егер ашуға талап етілетін ақпарат эмитенттің қызметіне жатпайтын болса және/немесе қандай да бір себептермен оны ашу мүмкін болмаса, бұл туралы жылдық есепте хабарлау жеткілікті болады.

Жылдық есепте құпия және инсайдерлік ақпарат, сондай-ақ коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат немесе жария таратуға жатпайтын өзге де ақпарат қамтылмауы тиіс.

2 тарау. ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

5. Басшылықтың үндеуі

Бұрын қойылған стратегиялық мақсаттарға және оларға қол жеткізуге бағытталған күш-жігерге сүйене отырып, эмитент бизнесінің әрбір бағыты бойынша есептік жылдың аса маңызды оқиғалары мен нәтижелерінің қысқаша шолуын; алынған нәтижелерді; келесі жылы күтілетін нәтижелерді бағалауды, оның ішінде есептік жылы салынған базистің арқасында; кейінгі жылдарға арналған басым міндеттерді іске асыру үшін әлеуетті бағалауды қамтуы тиіс.

6. Эмитент туралы ақпарат:

- 1) эмитенттің қысқаша таныстырылымы Эмитенттің тарихын, өнім (өнімдер немесе қызметтер) туралы ақпаратты, оның миссиясын, саладағы орны мен мақсатын пайымдауды қамтуы тиіс;
- 2) еншілес және тәуелді ұйымдар-есептік кезеңдегі қызметтің негізгі көрсеткіштері мен нәтижелері, олардың есептік жылдың жиынтық нәтижесіндегі салымын бағалау көрсетіледі;
- 3) өндірістік құрылым – эмитенттің операциялық қызметінің негізгі бағыттары, операциялық қызметке қатысатын негізгі бөлімшелер, олардың өзара іс-қимыл схемалары және оларды басқарудың негізгі қағидаттары, сондай-ақ есептік жыл барысында болған өзгерістер сипатталады;
- 4) егер эмитент өндіруші компания болып табылса, табиғи ресурстарды өндіруге және өңдеуге қатысты ақпараттан басқа, игерілетін кен орындарының қорлары, олардың орналасқан орындары, табиғи ресурстар базасын дамыту және кеңейту жөніндегі жоспарлар мен іс-шаралар туралы ақпаратты ашу қажет. Егер табиғи ресурстардың жекелеген объектілері бүкіл сала үшін ерекше маңызды болып табылса, тиісті карталарды қоса алғанда, осы объектілер туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат беру қажет.

7. Есептік жылдың негізгі оқиғалары

Эмитенттің есептік жылдағы қызметіндегі маңызды оқиғалардың (қолайлы және қолайсыз) сипаттамасы және олардың есептік жылдағы қызметінің нәтижелеріне әсері; осы кезеңге қойылған басым міндеттерді іске асыру қорытындылары, олардың есептік жылдың нәтижелеріне және болашаққа әсері; қандай да бір міндеттердің орындалмауы салдарынан болған себептерді түсіндіру; эмитенттің есептік жылдағы жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы ақпарат.

8. Операциялық қызмет:

- 1) эмитент жұмыс істейтін негізгі нарықтарды талдау. Есептік жылы болған макро- және микроэкономикалық өзгерістер, олардың эмитенттің операциялық қызметінің нәтижелеріне әсері;
- 2) нарық үлесі, маркетинг және сату. Нәтижелерді бәсекелестермен салыстыру, бәсекелестіктің болуы және ауқымы. Эмитенттің бәсекелестерімен салыстырғанда күшті және әлсіз жақтары;
- 3) өнім (өнімдер, қызметтер) туралы ақпарат, есептік кезеңдегі өнімдегі (өнімдердегі, қызметтердегі) өзгерістер, өткізу және баға саясаты. Сондай-ақ талданып отырған кезеңдегі жалпы жиынтық табыстың 10 және одан да көп пайызы тиесілі өнімдер (өнімдер, қызметтер) туралы ақпаратты ашу керек. Егер бұрын жаңа өнімге (өнімге, қызметке) қатысты жоспарлар туралы ақпарат жарияланған жағдайда, осы өнімнің (өнімнің, қызметтің) ағымдағы мәртебесін ашу қажет);

- 4) іскерлік белсенділік стратегиясы. Эмитенттің қазіргі уақытта нарықта көріп отырған түсініксіздігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қажет болған жағдайда оның қызмет секторын талдайтын қысқаша шолулар, эмитенттің тиімділігінің негізгі көрсеткіштері және олардың орындалуы туралы есептер сияқты статистикалық деректерді пайдалана отырып, эмитенттің таяудағы үш жылға арналған даму перспективаларын объективті түрде ашу керек.

9. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

- 1) жоспарланған және нақты нәтижелердің айырмашылығына себеп болған факторларды талдау;
- 2) есептік жылдағы қаржылық нәтижелерді талдау және оларды кем дегенде алдыңғы екі жылда алынған нәтижелермен салыстыру;
- 3) қаржылық жағдайды талдау. Сондай-ақ соңғы үш жылдың ішінде негізгі көрсеткіштердің (пайда, салынған капиталға пайда, рентабельділік, шығындар) өзгеруіне баға беру, алынатын пайда көлемінің активтер, капитал, өтімділік, берешек құрылымына әсерін сипаттау қажет. Пайда мен кірістілікті талдау кезінде бюджеттің кіріс бөлігіне ғана емес, сонымен бірге шығыстарға да назар аудару керек, шығындарды оңтайландыру саясатын ашу керек.

3 тарау. ТӘУЕКЕЛДЕР

10. Негізгі тәуекелдер

Эмитенттің қызметіне тән тәуекелдердің (сыртқы, заңнамалық, өңірлік, нарықтық, қаржылық, операциялық, стратегиялық, инвестициялық, корпоративтік басқару, басқалар) сипаттамасы және оларды басқару жөніндегі шаралар келтіріледі. Эмитенттің қызметіне және оның саласына тән ерекше тәуекелдерге (ерекше бәсекелестік жағдайлар, рұқсаттардың (лицензиялардың) және/немесе келісімшарттардың қолданылуын аяқтау мерзімдерінің жақындауы, эмитенттің тұрақсыз қаржылық жағдайы, жеткізушілерге және/немесе тұтынушыларға тәуелділік), эмитенттің бағалы қағаздарының өтімділігіне немесе әлеуетті инвесторлар тобының заңнамалық шектелуіне байланысты тәуекелдерге ерекше назар аудару қажет.

Осы мәселе бойынша ашып көрсету анық және дәйекті болуы тиіс. Барлық ұқсас компаниялар мен олардың бағалы қағаздары бойынша тәуекелдерді қараудың қажеті жоқ. Талдау және тиісті ашулар осындай тәуекелдердің Эмитенттің өзіне және оның бағалы қағаздарына қалай әсер етуі мүмкін екендігіне қатысты болуы тиіс.

11. Тәуекелдерді басқару жүйесі

Эмитент қолданатын тәуекелдерді басқару жүйесінің сипаттамасын жасау қажет.

4 тарау. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

12. Жылдық есеп әлеуметтік жауапкершілік бөлігінде осы тарауда көрсетілген, есептік кезеңде эмитенттің қызмет саласына қолданылатын ақпаратты ашуға және сондай-ақ жалпы әлеуметтік мәселелер бойынша тізбесі осы Ережелердің 4 қосымшасында қамтылған қызметтің негізгі көрсеткіштері (KPIs) нысанындағы ақпаратты қамтуы тиіс.

13. Жұмыспен қамту

Жас топтары, жынысы және географиялық аймағы бойынша бөле отырып, есептік күнгі жағдай бойынша ұйым қызметкерлерінің жалпы саны, оның ішінде есептік жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің пайызы көрсетіледі. Кадрлардың ауысуы және оның себебі сипатталуы тиіс. Эмитент әлеуметтік пакетті өз қызметкерлеріне ұсынатындығын, егер ұсынса, оның құрамына кіретінін, осы пакет уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында қабылданған қызметкерлерге таратылатындығын хабарлау қажет. Сондай-ақ

есептік жылы демалысты алған және аналық/әкелік демалыстан оралған қызметкерлердің жынысы бойынша бөліністегі жалпы саны көрсетіледі. Эмитент қызметкеріне оның қызметіне қатысты елеулі өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз мерзімі туралы ақпарат берілуі тиіс.

Эмитенттің персонал және кәсіптік оқыту саласындағы саясаты, қолданыстағы әлеуметтік кепілдіктер, еңбекке ақы төлеу және оның өсу қарқыны, қызметкерлердің уәждемесі, кәсіподақтармен қарым-қатынасы туралы ақпарат ұсыну қажет.

14. Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік

Есептік жылы эмитент қызметкерлері алған жарақаттардың түрлері туралы деректер, еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылған жарақаттар жиілігінің коэффициенті (LTIFR), жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті (LTAFR), жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициенті, өлімге әкеп соқтыратын жарақаттану жиілігінің коэффициенті, кәсіби сырқаттанушылық коэффициенті, жоғалған күндер коэффициенті, жұмыс орнында болмау коэффициенті, Эмитент өндірісінде, оның ішінде эмитент объектілерінде жұмыс істейтін тәуелсіз мердігерлерде өңір мен жыныс бойынша бөле отырып, туындаған өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны ұсынылады. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу кезінде пайдаланылатын қағидалар жүйесі және өрт қауіпсіздігі туралы мәліметтерді қоса алғанда, тиісті есептілікті қалыптастыру туралы мәліметтер берілуі тиіс. Сондай-ақ, эмитенттің жоғары жарақатпен немесе белгілі бір аурулармен сырқаттану қаупінің жоғары болуымен байланысты қызметі бар-жоғын көрсету қажет. Денсаулық пен қауіпсіздік мәселелеріне кәсіподақтармен ресми келісімдердің бар-жоғы, эмитентте есептік жылы орын алған әртүрлі өрт жағдайлары, қауіпсіздік техникасы бойынша тренингтер өткізудің жүйелілігі, өрт сөндіру құралдарының болуы және олардың түрлері туралы мәліметтер көрсетіледі.

15. Дайындық және білім алу

Есептік жыл ішінде эмитенттің бір қызметкеріне арналған оқу сағаттарының орташа саны қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөліне отырып көрсетіледі. Эмитентте қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларының болуы, олардың түрлері мен сипаты, сондай-ақ эмитенттің зейнеткерлікке шығуы немесе жұмысын тоқтатуы нәтижесінде өз қызметін аяқтаған қызметкерлерге көмек көрсету бағдарламалары туралы ақпарат ашылады. Есептік жыл ішінде нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып, Эмитенттің барлық қызметкерлерінің пайызы көрсетіледі.

16. Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер

Әр түрлі санаттарға жататын эмитент қызметкерлерінің жалпы санынан үлесі (пайызбен) көрсетіледі, мысалы: жынысы; жас топтары: 30 жасқа дейін, 30-50 жасқа дейін, 50 жастан жоғары; әртүрліліктің басқа да белгілері. Қызметті жүзеге асыру өңірлері бойынша бөле отырып, эмитент қызметкерлерінің әрбір санаты үшін әйелдер сыйақысының базалық мөлшерлемесінің ерлер сыйақысының базалық мөлшерлемесіне қатынасы туралы мәліметтер берілуі тиіс. Есептік жыл ішінде эмитент қызметкерлерін кемсіту жағдайларының жалпы саны, осы жағдайлардың мәртебесі және қабылданған іс-әрекеттер туралы деректер келтіріледі.

17. Еңбек қатынастарының практикасы

Еңбек қатынастары практикасын бұзғаны үшін есептік жылы эмитентке берілген шағымдардың жалпы саны, осындай шағымдардың мәртебесі, сондай-ақ эмитентте бар шағымдарды беру жүйесінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі. Оқу сағаттарының жалпы саны және Эмитенттің қызметі үшін адам құқықтарының маңызды аспектілеріне байланысты саясат немесе процедуралар бойынша есептік кезеңде оқытудан өткен қызметкерлердің пайызы ұсынылуы тиіс. Балалар және мәжбүрлі еңбекті пайдаланудың, жас қызметкерлердің қауіпті жұмысты орындауының елеулі тәуекелі бар эмитенттің бөлімшелері мен оның өнім берушілері көрсетіледі.

18. Демеушілік және қайырымдылық

Эмитенттің есептік жылы қайырымдылық және әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға қатысуы, сондай-ақ егер демеушілік қолдау көрсетілсе, осы туралы ақпарат көрсетіледі.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Эмитентте бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты мен әдістері туралы ақпарат ашылады. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты эмитент үшін анықталған тәуекелдер туралы мәліметтерді ұсыну қажет. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген Эмитент бөлімшелерінің жалпы саны мен пайызын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаттары мен әдістеріне хабардар етілген және оқытылған өңірлер мен қызметкерлер санаттары бойынша бөлінген қызметкерлердің жалпы санын көрсету қажет. Сондай-ақ есептік жыл ішінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтарға байланысты эмитентке және оның қызметкерлеріне қатысты қабылданған шаралар, расталған сыбайлас жемқорлық жағдайларының жалпы саны мен сипатын ұсыну.

20. Заңнама талаптарына сәйкестік

Заңнама бұзу мән-жайлары туралы, елеулі айыппұлдардың жалпы мөлшері және қаржылық емес санкциялардың саны, оның ішінде заңнама талаптарын бұзғаны үшін эмитентке қатысты қолданылған шектеулі ықпал ету шаралары туралы деректер келтіріледі. Оның ішінде бәсекелестікке кедергі келтірумен және монополияға қарсы заңнаманы бұзумен байланысты есептік жыл ішінде орын алған жағдайлардың жалпы санын, сондай-ақ осындай талқылаулардың негізгі нәтижелерін көрсету қажет.

21. Өнім үшін жауапкершілік

Эмитенттің өнімнің (өнімдердің, көрсетілген қызметтердің) денсаулық пен қауіпсіздікке әсеріне қатысты, өнімнің (өнімдердің, көрсетілген қызметтердің) қасиеттері туралы ақпаратқа және таңбалауға қатысты, маркетингтік коммуникацияларға қатысты, жарнаманы, ілгерілетуді және демеушілікті қоса алғанда, есептік жылы айыппұлға немесе өндіріп алуға, алдын алуға әкеп соққан жағдайларға бөле отырып, заңнама мен кодекстердің талаптарына сәйкес келмеу жағдайларының жалпы саны көрсетіледі. Эмитенттің кейбір нарықтарда тыйым салынған тауарларды сататындығын, мүдделі тараптарда сұрақтар тудыратындығын немесе көпшілік талқылауының тақырыбы болып табылатындығын, сондай-ақ эмитенттің осы тауарларға қатысты сұрақтарға немесе алаңдаушылықтарға қалай жауап беретінін көрсету қажет. Есептік жылы эмитенттің ақаулы өнімін (өнімдерін) қайтарып алу жағдайлары туралы деректер келтіріледі.

5 тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

22. Жылдық есеп экологиялық бөлігінде есептік кезеңде эмитенттің қызмет саласына қолданылатын, осы тарауда көрсетілген ақпаратты ашуға және жалпы экологиялық мәселелер бойынша тізбесі осы Ережелердің 4 қосымшасында қамтылған қызметтің негізгі көрсеткіштері (KPIs) нысанындағы ақпаратты да қамтуы тиіс.

23. Қолданылатын материалдар

